

ПСИХИКАЛЫҚ ДАМУЫ ТЕЖЕЛГЕН БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Абуова Б.Ж., Нұрақын А.Т.

Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік педагогикалық университеті, Шымкент,
Қазақстан Республикасы

Қазіргі кезеңде арнайы білім беру саласындағы әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылуға байланысты жасалынып жатқан талпыныстар жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан балалардың дербестігін және танымдық қабілеттерін дамытып, өмірдің жаңа жағдайларында пайдалана білуге үйретудің қажеттілігі туындайды.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Ерекше білімді қажет ететін балалардың құқықтары мен оларды әлеуметтік қамсыздандыру туралы» заң қабылданды. Бұл заңда «Барлық ерекше білімді қажет ететін балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекше түрін ескере отырып, оларды арнайы мекемелерге орналастыру және жағдай жасау, білім алуына мүмкіндіктер туғызу» біздің басты міндетіміз деп анық атап көрсетті.

Осы міндеттерді жүзеге асыру мақсатында психикалық дамудың тежелуі балаларға арналған инклюзивті білім беру жүйесі мен арнайы түзету сыныптары ашылды. Бұл орталықтарда балалармен жеке және фронтальды жұмыстар жүргізу арқылы олардың танымдық қабілеттерін дамытуға болады.

Осыған байланысты қоғам алдына баланың жеке басын үйлесімді дамытуға бағыттайтын міндеттер қойылып отыр. Отанымыздың әрбір болашақ азаматын жан-жақты тәрбиелеп, білім беру арқылы дамыту ең жауапты іс.

Психикалық дамуы тежелген балалар дегеніміз - оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтарға кездесетін үлгермеуші балалар. Мұндай балалар білімі мен дағдыларына, тұлғалық жетімділігіне мінез-құлқына байланысты мектепте оқуды бастауға дайын емес. Олар оқуда көп қиыншылықтар көреді: мектепте орнатылған тәртіп нормаларын сақтау оларға аса қиын. Оқудағы қиыншылықтар олардың жүйке жүйесінің әлсіреуінен тереңдей түседі - жүйкесі тозып, соның салдарынан олар тез шаршайды, жұмысқа қабілеті төмендейді, бастаған жұмысын аяқтамайды.

Бұл балалардың оқу үлгерімі ерекшеліктеріне келетін болсақ, бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 1-сыныптан бастап көріне бастайды. Бірақ анық белгілері 2-3 сыныпта белгілі болады. Оқу процесінде олардың оқу дағдыларындағы кездесетін бұзылыстар:

-сабақ процесіне жай қосылады; оқу материалын жай немесе тіптен қабылдамайды;

-берілген тапсырманы мұғалімнің көмегінсіз орындай алмайды; оқу мен жазуы жай; оқыған мәтінін түсінбейді және түсінгенін айтып бере алмайды;

-есептер шығарған кезде үлкен қателер жібереді;

- тез шаршағыш;

- сыныптастарымен аз араласады; өз ойын анық айта етіп алмайды.

Психикалық дамуының негізгі бұзылыстары интеллектуалды даму деңгейі, яғни, зейіні, есте сақтауы, ойлауы, кеңістікті бағдарлауы төмен болып келеді. Осы себептерге байланысты психикасы дамуы тежелген балалардың оқу үлгерімі төмен болады. Бұл балалардың оқуға үлгермеушілігі 7-8 жастан анық байқалады. Оның негізгі белгілері: сабаққа белсенділігі болмайды, берілген тапсырмаларды үлкендердің көмегінсіз дұрыс орындай алмайды, сыныптастарымен аз араласады, өз ойын ашық айта алмайды, оқу мен жазу, есептеулерде көп қателер жібереді, тез шаршағыш, зейіні тұрақсыз болады.

Психикалық дамуы тежелген балалардың тіл байлығы әдеттегі балаларға қарағанда 20-30% төмен деңгейде болады.

Психикалық дамуы тежелген балаларда арнайы оқытусыз сөздік белсенділік пайда болмайды, айналасындағы адамдар сөзге дейінгі қатынас түрлері де қалыптаспайды, заттық іс-әрекет дамымайды.

Психикалық дамуы тежелген оқушылар тез шаршайды, кейде бастаған іс-әрекетін орындаудан бас тартады және эмоционалды ерікті ісінде баяу жетіледі, сондай-ақ интеллектуалды жеткіліксіздікпен дамиды. Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының түрлері өте көп.

Психикалық дамуы тежелген балалардың ұсақ қол қимылдарын дамыту, тіл байлығын молайту, сонымен бірге баланың логикалық ойлау, есте сақтау, қабылдау қабілеттерін дамыту мақсатында көптеген ойын түрлерін сабақтарда пайдалануға болады.

Жалпы білім беретін мектептерде білім берудегі негізгі мәселе болып тұр, осындай балалардың үлгермеушілігі мен баланың мектеп ортасына бейімделу қиындығы басты мәселе болып отыр. Аталмыш мәселені шешуде жалпы білім беретін мектеп оқушыларына дифференциалды оқытуды ұйымдастыруды айтуға болады. Ол балаға жеке ықпал етуді және оған білім беру формасы мен әдістерін таңдауда оның жеке бас ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін есепке алуының күшейтуін қарастырады.

Адамның бас миындағы тілдің моторлы орталықтары саусақтың моторлы орталықтарына жақын орналасқан. Сондықтан, алдымен оқушылардың ұсақ қол моторикасын дамыту барысына арналған саусақ жаттығуларын жиі жүргізіп тұрудың нәтижесінде оқушылардың саусақтарын жаттықтыра отырып бас миының жұмыс істеу қабілетіне, сондай-ақ қолдың жазуға икемділігін артқаны байқалады.

Психикалық дамуы тежелген балаларды дайындау деңгейіне қойылатын талаптар жалпыға арналған мектеп оқушыларына қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Міндетті білім беру деңгейіне қойылатын осы талаптарды орындау кезінде психикалық дамуы тежелген балаларды дамытудың ерекшеліктерін, сондай-ақ олардың әрбір пән бойынша білімді, білікті дағдыларды меңгеру мүмкіндіктерін ескеру қажет.

Психикалық дамуы тежелген балалардың оқу әрекеті.

Мұндай балалардың оқу әрекетінде үлгермеушілігі алғашқы бірінші сыныпқа барғаннан басталады. Бірақ алғашқы белгілері 2 - 3 сыныпқа келген кезден байқала бастайды. Бұл балаларды оқу әрекетіне тән жағдайлар:

- сабаққа деген ынтасы болмау;
- сабақ барысына немқұрайлы қарап, қатыспау;
- мұғалімнің немесе басқа біреудің көмегінсіз өзіне тапсырылған тапсырманы өз бетінше орындай алмау;
- оқу, жазуды жай немесе үлкен қиындықпен меңгеру;
- оқығаның түсінбеу, немесе түсінігін өз сөзімен жеткізіп айтып бере алмау;
- санау, есептеу барысында көптеген қателіктер жіберіп отыруы;
- тез шаршап, оқу процесіне ат салыспау, өзін дұрыс ұстамау;
- сөздік қоры аз, өз жасына сай болмау, сөйлеу мәнері жүйеленбеу.

Сонымен, баланы жан-жақты психикалық жағынан дамыту, соған жаттықтырудың өзіндік ерекшеліктерін оқыту процесінде ескеру керек. Көпшілік мектептерге қарағанда оқу материалы өңделіп, өте қарапайым түрде түсіндірілуі тиіс. Жаттығушылар тереңдете және мұқият баланың қабылдауына сәйкестендірілуі тиіс. Көрнекі құралдарды кеңінен қолдану керек. Бұл жерде ескерілетін нәрселер: көрнекіліктің тартымды болуы; оқушы мен мұғалімнің сөздері; тілмен ойды дамыту; осы көрнекіліктерді қолдана отырып, оқыту принципін жүзеге асыру.

Бірқатар ғалымдардың айтуынша, педагогтар тәжірибе жүзінде көз жеткізгендері - қарым-қатынас сәтті орта туғызады, тұлғааралық қарым-қатынас мәдениетін тәрбиелейді, әрі педагогқа, әрі оқушыға өзін-өзі қалыптастыруға мүмкіндік береді. Г.И.Шукинаның пікірі бойынша, қарым-қатынас оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру мен бекітуіне маңызды әсер етеді. Оқушыға сенім арту, оның танымдық ізденуіне қолдау жасау қызығушылықтарын тудырады, ынталандырып отырады.

Қорытындылай келе, психикалық дамуы тежелген балаларды оқыту үшін тиімді жұмыс атқару үшін маман өзінің беретін пәнін, әртүрлі әдіс-тәсілдерді жетік білуі керек, оқушылармен тығыз қарым-қатынаста болуы қажет. Осы мәселелерді әрдайым сабақта, сабақтан тыс уақытта, белгілі бір мақсатта емес, әртүрлі жағдайларда қолданып отыру, атқарылған жұмыстардың тиімді нәтижесін көрсетеді.

Психикалық дамуы тежелген балалар мен ұстаз арасындағы қарым-қатынас ізгілікпен ұштасып, бала жүрегінің төрінен орын алған жағдайда жас ұрпақтың рухани бай, адамгершілігі мол, жан-жақты үйлесімді дамыған, елін сүйер тұлға ретінде қалыптасары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және оларды қамтамасыз ету №345 заңы. Астана - 11 шілде. -2002.
2. Пиджитова А. Психикалық дамуы тежелген балалардың танымдық қабілеттерін ойындар мен жаттығулар арқылы дамыту және түзету». Қарағанды. Дефектология №1-2014.
3. Кушербаев А. «Психикалық дамуы тежелген балалармен жүргізілетін түзете дамыту жұмыстарының ерекшеліктері»
4. Кравцова Е.Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. - М.,1991.